

Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 3-3/331 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9643 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.04.2025 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысына (А.Қ. Евниев) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 30 маусымдағы
№ 3-3/331 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.04.2025 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғым пайдаланылады:

1) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемтізілім) – өндірісте шаруашылық пайдалануға ұсынылатын тұқымдарды қамтитын селекциялық жетістіктерінің тізілімі;

2) оригинатор - мал тұқымын жасаған, өсіріп шығарған және (немесе) оның сақталуын қамтамасыз ететін заңды немесе жеке тұлға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Мемтізілім жүргізудің тәртібі

3. Мемтізілімді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі - асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы) жүргізеді.

4. Мемтізілімге селекциялық жетістіктеріне мемлекеттік сынақ өткізу нәтижесі бойынша тұқым стандартына сәйкес келетін шаруашылыққа пайдалы және ауыл шаруашылығы өндірісінде ұсынылған ауыл шаруашылығы малдары тұқымдарының барлық санаттары – ішкі тұқымаралық (аймақтық) және зауыттық типтері, зауыттық желілері мен құстардың кросстары, желілері енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Отандық тұқымдардың генетикасын жақсартуға арналған жаңадан әкелінген шетелдік селекциялық малдар тұқымдарын Мемтізілімге енгізу мал шаруашылығындағы селекциялық жетістіктердің шаруашылық пайдалылығына қатысты мемлекеттік сынақтан өткізусіз жүргізіледі.

6. Мемтізілім осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай деректерді көрсете отырып жүргізіледі:

1) ауыл шаруашылығы малының өнімділік бағыттары бойынша түр атауы мен тұқымдары және Мемтізілімге мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерін қосқан жылы (ұсынған жылы);

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемтізілімдегі әкімшілік облыстардың реттік нөмірлері;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын мал шаруашылығындағы селекциялық жетістіктер оригинаторларының реттік нөмірлері.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

7. Мемтізілімге мал шаруашылығының селекциялық жетістіктерінің қорғалатын санаттарын қосу және/немесе шығару асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосының бұйрық шығаруы арқылы жүргізіледі.

8. Мемтізілімге енгізілген мәліметтер республиканың нақтылы табиғаттық-климаттық аймақтарына арналған ауыл шаруашылығы малдарын тұқымдары бойынша орналастыру жөніндегі ұсыныстарды құрастыру үшін бастапқы материал болып табылады.

Қазақстан Республикасында
пайдалануға ұсынылатын, мал
шаруашылығы саласындағы
селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізілімін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

20__ жылы Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі (ауыл шаруашылығы жануарлары тұқымдарының санаттары)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

№	Пайдалануға ұсынылатын, ауыл шаруашылығы малдарының түрі мен тұқымдарының атауы	Ұсынылған жылы	Ұсыныс берген облыстардың реттік нөмірлері	Оригинатордың реттік нөмірі
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасында
пайдалануға ұсынылатын, мал
шаруашылығы саласындағы
селекциялық жетістіктердің

Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі әкімшілік облыстардың реттік нөмірлері

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.04.2025 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Облыстардың реттік нөмірі	Әкімшілік облыстардың атаулары
1	2	3
1	15	Абай
2	1	Ақмола
3	2	Ақтөбе
4	3	Алматы
5	4	Атырау
6	5	Батыс Қазақстан
7	6	Жамбыл
8	16	Жетісу
9	7	Қарағанды
10	8	Қостанай
11	9	Қызылорда
12	10	Маңғыстау
13	12	Павлодар
14	13	Солтүстік Қазақстан
15	11	Түркістан
16	17	Ұлытау
17	14	Шығыс Қазақстан

Қазақстан Республикасында
пайдалануға ұсынылатын мал
шаруашылығы саласындағы
селекциялық жетістіктердің
мемлекеттік тізілімін
жүргізу қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрыш жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктер оригиналдарының реттік нөмірлері

Ескерту. Кестенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.03.2016 № 104 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

№ р/с	Оригинатордың реттік №	Оригинатордың атауы
1	2	
	Сүтті мал шаруашылығы	
1.	1	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
2.	2	Латвия
3.	3	Украина
4.	4	Швейцария
5.	5	Шотландия
6.	6	Қазақстан (Алматы және Талдықорған облыстарының асыл тұқымды шаруашылықтары) және Қырғызстан
7.	7	Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының асыл тұқымды шаруашылықтары
	Етті мал шаруашылығы	
8.	1	Англия
9.	2	"Балкашино" асыл тұқымды мал зауыты жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Ақмола облысы)
10.	3	"Көктал" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (Алматы облысы)
11.	4	"Айдарлы" коммуналдық кәсіпорыны (Алматы облысы)
12.	5	"Куликовское" өндірістік тәжірибелік шаруашылығы (Алматы облысы)
13.	6	Алматы зооветеринариялық институты
14.	7	"Красный Октябрь" кеңшары (Волгоград облысы, Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы)
15.	8	Бүкілодақтық мал шаруашылығы институты
16.	9	Бүкіл россиялық Етті мал шаруашылығының ғылыми-зерттеу институты
17.	10	"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясы
18.	11	"Ақжайық" ашық акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)

19.	12	"Шағатай" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
20.	13	"Аңқаты" асыл тұқымды мал зауыты акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
21.	14	Қазақ Мемлекеттік аграрлық университеті
22.	15	Қазақ Ғылыми-зерттеу техникалық малшаруашылығы институты
23.	16	Қалмақ Автономды Кеңестік Социалистік Республикасы
24.	17	"Қарағанды" кеңшары (Қарағанды облысы)
25.	18	"Алабота" асыл тұқымды мал зауыты акционерлік қоғамы (Ақмола облысы)
26.	19	"Москалевский" асыл тұқымды мал зауыты (Қостанай облысы), қазір "Москалевский" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қостанай облысы)
27.	20	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
28.	21	"Броды" асыл тұқымды кеңшары (Орынбор облысы, Ресей Кеңестік Советтік Федерациялық Социалистік Республикасы)
29.	22	"Шалабай" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
30.	23	"Қалбатау" акционерлік қоғамы (Шығыс Қазақстан облысы)
31.	24	Солтүстік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты
32.	25	Америка Құрама Штаттары
33.	26	Шотландия
Қой шаруашылығы		
34.	1	Австралия
35.	2	Мыңбаев атындағы тәжірибелік-өндірістік шаруашышық (Алматы облысы)
36.	3	"Ақсеңгір" тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы (Алматы облысы)
37.	4	Тоқаш Бокин атындағы кеңшар (Алматы облысы)
38.	5	"Түрген" асыл тұқымды кеңшары (Алматы облысы)
39.	6	"Іле" кеңшары (Алматы облысы)

40.	7	"Сюгатинский" кеңшары (Алматы облысы)
41.	8	"Жарсүй" кеңшары (Алматы облысы)
42.	9	Қастек кеңшары (Алматы облысы)
43.	10	Қарғалы асыл тұқымды шаруашылығы (Алматы облысы)
44.	11	Құрмент тәжірибелік базасы (Алматы облысы)
45.	12	"Дегерес" жекеменшік шаруашылығы, "Бақанас" асыл тұқымды кеңшары (Алматы облысы)
46.	13	Алматы малдәрігерлік институты
47.	14	ХХ партсъезд атындағы асыл тұқымды кеңшары (Ақтөбе облысы)
48.	15	"Есбол" акционерлік қоғамы (Атырау облысы)
49.	16	"Халел" акционерлік қоғамы (Атырау облысы)
50.	17	"Жангелді" атындағы өндірістік кооператив (Атырау облысы)
51.	18	"Комсомол" өндірістік кооператив ! (Атырау облысы)
52.	19	"Амангельді" атындағы өндірістік кооператив (Атырау облысы)
53.	20	"Сүйіндік" акционерлік қоғамы (Атырау облысы)
54.	21	"Никитинский" асыл тұқымды кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
55.	22	"Красноалтайский" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
56.	23	"Ұлан" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
57.	24	"Обуховский" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
58.	25	"Қызыл ту" кеңшары (Маңғыстау облысы)
59.	26	Абай атындағы асыл тұқымды кеңшар (Жамбыл облысы)
60.	27	"Алға" кеңшары (Жамбыл облысы)
61.	28	Жамбыл атындағы кеңшар (Жамбыл облысы)

62.	29	"Мерке" асыл тұқымды мал зауыты (Жамбыл облысы)
63.	30	"Қазақстан" ұжымдық кеңшары (Жамбыл облысы)
64.	31	"Курагатинский" асыл тұқымды кеңшары (Жамбыл облысы)
65.	32	"Ленин" кеңшары (Жамбыл облысы)
66.	33	"Жамші" кеңшары (Қарағанды облысы)
67.	34	"Қазақстанның 40 жылдығы" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
68.	35	"Қазақстан" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
69.	36	"Мереке" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
70.	37	Амангелді атындағы акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
71.	38	"Степное" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
72.	39	"Шиповское" акционерлік қоғамы (Батыс Қазақстан облысы)
73.	40	"Алғабас" ұжымдық кәсіпорыны (Батыс Қазақстан облысы)
74.	41	"Қалдығайты" ұжымдық кәсіпорыны (Батыс Қазақстан облысы)
75.	42	"Жаңа қайнар" ұжымдық кәсіпорыны (Батыс Қазақстан облысы)
76.	43	Батыс Қазақстан Ауыл шаруашылығы институты
77.	44	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Тәжірибелік биология институты
78.	45	"Первомайский" асыл тұқымды мал зауыты (Шығыс Қазақстан облысы)
79.	46	"Жарма" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
80.	47	"Криушинский" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
81.	48	"Амантау" кеңшары (Қарағанды облысы)
82.	49	"Балықтыкөл" кеңшары (Қарағанды облысы)

83.	50	"Нұра" асыл тұқымды кеңшары (Қарағанды облысы)
84.	51	"Жеңіс" асыл тұқымды мал зауыты акционерлік қоғамы (Қарағанды облысы)
85.	52	"Сарысу" шаруа қожалығы (Қарағанды облысы)
86.	53	"Қазалы" кеңшары (Қызылорда облысы)
87.	54	"Тартоғай" асыл тұқымды кеңшары (Қызылорда облысы)
88.	55	"Сұлукөл" мемлекеттік асыл тұқымды мал зауыты (Қостанай облысы)
89.	56	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының 50-жылдығы атындағы асыл тұқымды мал шаруашылығы (Қостанай облысы)
90.	57	Қазақстан (халық селекциясы)
91.	58	Қазақстанның Батыс өңірі (халық селекциясы)
92.	59	Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті
93.	60	Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу технологиялық институты
94.	61	Қазақ жылқы шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты
95.	62	"Красный Октябрь" асыл тұқымды шаруашылығы (Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасы)
96.	63	"Бесқарағай" мемлекеттік асыл тұқымды мал зауыты (Павлодар облысы)
97.	64	"Павлодарский" асыл тұқымды мал шаруашылығы (Павлодар облысы)
98.	65	"Октябрдің 50-жылдығы" атындағы кеңшар-техникумы (Павлодар облысы)
99.	66	"Кеңес одағы Коммунистік партиясының XXIII съезі" атындағы кеңшар (Павлодар облысы)
100.	67	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
101.	68	Орта Азия (халық селекциясы)

102.	69	Әбжанов атындағы "Қаракөл" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
103.	70	"Первомайский" асыл тұқымды мал зауыты (Шығыс Қазақстан облысы)
104.	71	"Жарминский" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
105.	72	"Криушинский" кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
106.	73	"Темір" акционерлік қоғамы (Оңтүстік Қазақстан облысы)
107.	74	"Әлімтау" асыл тұқымды кеңшары (Оңтүстік Қазақстан облысы)
108.	75	"Байыркұм" шаруа қожалықтары мен шағын кәсіпорындардың бірлескен ассоциациясы (Оңтүстік Қазақстан облысы)
109.	76	"Құйық" акционерлік қоғамы (Оңтүстік Қазақстан облысы)
110.	77	"Чанак" асыл тұқымды кеңшары (Оңтүстік Қазақстан облысы)
111.	78	"Алтынтөбе" асыл тұқымды кеңшары (Оңтүстік Қазақстан облысы)
112.	79	"Сырдария" шаруа қожалықтарының ассоциациясы (Оңтүстік Қазақстан облысы)
113.	80	"Шу" өндірістік кооперативі (Оңтүстік Қазақстан облысы)
114.	81	"Ходжатоғай" асыл тұқымды мал зауыты (Оңтүстік Қазақстан облысы)
115.	82	"Шымкент" ғылыми өндірістік бірлестігі
116.	83	Тәжікстан
Шошқа шаруашылығы		
117.	1	Алматы зооветеринариялық институты, "Ақсай" оқу шаруашылығы (Алматы облысы) және "Далақайнар" кеңшары (Жамбыл облысы)
118.	2	Германия
119.	3	Дания
120.	4	Донской Ауыл шаруашылығы институты (Ростов облысы және Краснодар өлкесі) асыл тұқымды мал шаруашылықтары

121.	5	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Ғылым академиясының тәжірибелі биология институты
122.	6	Кемеров Мемлекеттік тәжірибелік ауыл шаруашылығы станциясы (Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы)
123.	7	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
124.	8	Сібір мал шаруашылығы ғылыми - зерттеу институты (Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы)
125.	9	Америка Құрама Штаттары
Жылқы шаруашылығы		
126.	9	Англия
127.	10	Аравиялық түбек
128.	3	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
129.	4	Граф Орлов-Чесменский, Ресей
130.	5	Буденный атындағы және Бірінші атты әскер атындағы ат зауыттары (Ростов облысы, Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы)
131.	6	Қостанай және Майкөл жылқы зауыттары (Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы), Троицкий жылқы зауыты (Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы)
132.	7	Түркменістан
133.	8	Өзбекістан
134.	9	Ақтөбе Мемлекеттік тәжірибелік ауыл шаруашылығы станциясы
135.	10	"Мұғалжар жылқы зауыты" акционерлік қоғамы (Ақтөбе облысы)
136.	11	"Талдық" акционерлік қоғамы (Ақтөбе облысы)
137.	12	"Жұрын" акционерлік қоғамы (Ақтөбе облысы)
138.	13	"Кабинский" асыл тұқымды кеңшары (Шығыс Қазақстан облысы)
139.	14	Мыңбаев атындағы асыл тұқымды кеңшар (Қарағанды облысы)

140.	15	"Октябрдің 40 жылдығы" кеңшары (Қарағанды облысы)
141.	16	"Кеңгір" тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы (Қарағанды облысы)
142.	17	Қазақстан (халық селекциясы)
143.	18	Қазақстанның Батыс өңірі (халық селекциясы)
144.	19	"Шолақ еспе" шаруа қожалығы (Қарағанды облысы)
145.	20	"Құланды" акционерлік қоғамы (Қызылорда облысы)
146.	21	"Пятимарский" кеңшары (Батыс Қазақстан облысы)
147.	22	"Фурмановский" кеңшары (Батыс Қазақстан облысы)
148.	23	"Красногорский" кеңшары (Батыс Қазақстан облысы)
149.	24	"Первомайский" кеңшары (Батыс Қазақстан облысы)
150.	25	Қазақ қой шаруашылығы ғылыми-зерттеу техникалық институты
Түйе шаруашылығы		
151.	1	Қазақстан Республикасы (халық селекциясы)
152.	2	Түркменістан (халық селекциясы)
Құс шаруашылығы		
153.	1	Қазақ аймақтық құс шаруашылығы жөніндегі тәжірибе станциясы (Алматы облысы)
154.	2	Германия
155.	3	Қазақ аймақтық құс шаруашылығы жөніндегі тәжірибе станциясы (Алматы облысы)
156.	4	Ресей Федерациясы
157.	5	Америка Құрама Штаттары
158.	6	Израиль
159.	7	Нидерландия (Голландия)
160.	8	Шотландия
Қоян шаруашылығы		
161.	1	Ресей Федерациясы

